

## Тұщықұдық селосы көпесіне А.Қ. Қодаровтың атағын беру туралы

### *Күші жойған*

Маңғыстау ауданы әкімдігі Тұщықұдық селосы әкімінің 2009 жылғы 30 сәуірдегі N 02 шешімі. Маңғыстау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 15 мамырда N 11-5-80 тіркелді. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігі Тұщықұдық селолық округі әкімінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 31 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігі Тұщықұдық селолық округі әкімінің 16.05.2016 № 31 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармағына сәйкес  
**ШЕШЕМІН:**

1. Тұщықұдық селосындағы К. Әріпов пен М. Жаймағанбетовтың және Ж. Өтешов пен Е. Жұмағазиннің үйінің аралығындағы көшеге Қодаров Амангелді Қалиұлының атағы берілсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күн тізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Село әкімі м.а. А. Қайрадинова	
--------------------------------	--